

**Астана қаласы «Шәкәрім атындағы №56 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
Қамқоршылық кеңесінің отырысы**

№ 9 хаттама

Өткізілген күні: 16.01.2024 жыл

Өткізілген уақыты: 14.00

Қатыспағаны:

Қатысқаны:

Күн тәртібінде:

1. Астана қаласы әкімдігінің «Шәкәрім атындағы №56 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК-нің директоры» лауазымына тағайындалуы.

2. III тоқсаннан бастап сабақтың ұзақтығын 45 минуттан 40 минутқа түсіруі.

3. Буфеттік тамақтану

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 130-тармағына, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2024 жылғы 17 қазандағы №1 «2024 жылғы Республикалық кадр резервін қалыптастыру бойынша» еңбек шарты негізінде 6 ай сынақ мерзімімен «Шәкәрім атындағы 56 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны директоры лауазымына 2025 жылдың 08 қаңтарынан бастап №37 бұйрығына сәйкес Оспанова Анаргүл Кайрашевна тағайындалды.

Қамқоршылық кеңес мүшелері жаңа басшымен танысып, өз ойларында жүрген сұрақтар, сауалдарын қойды. Алдағы уақытта атқаратын перспективалық жоспарымен танысу бойынша ұсыныстар білдірді.

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша Білім басқармасының 23.02.2024ж №295 15.01.2025ж бұйрығына сәйкес Астана қаласы әкімдігінің «№15 мектеп-лицейі» ШЖҚ МКК-ін көшіру туралы негіздемеге сәйкес, оқу кабинеттерінің бастауыш сынып буынының 2 –ші ауысымда оқуына орай мектептегі жүргізілетін вариативті сағаттарды тиімді жүргізілуіне орай 15.01.2025 ж өтілген №3 педагогикалық кеңестің ұсынысы бойынша III тоқсаннан бастап сабақтың ұзақтығын 45 минуттан 40 минутқа шегерілуін қарастыру мәселесі қаралды.

Күн тәртібінің 3-мәселесі бойынша жалпы ыстық тамақпен қамтылған жетім, аз қамтылған оқушылар саны-43. Осы аталған оқушылардың 32 оқушыдан, ата-аналарының өтініші бойынша ыстық тамақтың орнына буфеттік тамақтануға көшу туралы ұсыныс түсті. Біріншіден, тамақ ішіп үлгермейді, каша жегілері келмейді, түскі асқа дейін қою тамақ ішкенге дейін қарындары ашады, шыдамайды деген себептер айтылды. Сондықтан 1 реттік 5-9 сыныптарда 964тг, 10-11 сыныптарда 1090тг тамақтану құны сақталып, буфеттік тамақтану қарастырылса.

Тыңдалды. А.У.Султанова: "Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығында жекелеген санаттар ыстық тамақпен қамту көзделген. Сондықтан тек буфеттік тамақ ұсыну нормативтік құжатқа қайшы.

Қаулы:

1. Мектепті дамыту бағытында директордың перспективалық жоспарымен танысу жоспарлансын;

2. №15 мектеп-лицейі ШЖҚ МКК көшіру туралы негіздемеге сәйкес, вариативті сағаттарды тиімді жүргізілуіне орай 15.01.2025 ж өтілген №3 педагогикалық кеңестің ұсынысы бойынша III тоқсаннан бастап сабақтың ұзақтығын 45 минуттан 40 минутқа шегерілсін;

3. Нормативтік құжатқа сай баланың денсаулығын қамтамасыз ету мақсатында жекелеген санаттағы оқушыларға ботқа не ыстық тағам ұсынылсын.


Қамқоршылық кеңес төрайымы:

У.А. Абдукадирова 


Комиссия мүшелері:

Назарбаева Ж.Н. 

Назарбекова Г.М. 


Бектурганова Ж.М. 

Байназарова Г.Б. _____

Сұлтанова А.У. 

Умирзакова М.Б. 

Темирбекова А.И. 

Рамазанова Б.А. 

Әбілқайыр С.Е. _____

Умбетова С.М. _____

Хатшы

Бикетова Н.Ш